

6D011400 — «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Токишкадилов Ботабек Бейбитбековичтің «XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау» тақырыбын «Қазақстан тарихы» курсына оқыту әдістемесі тақырыбында дайындалған диссертациясына

Пікір

Тарихымыздың ұлттық мүдде мен еліміздің ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз үдерісі, өткен мен бүгінгі сабақтастып, астасып халық жадында жаңару тұрғысынан қарастырылуы бүгінгі ғылым талабы етеді. Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы жағдайында қазіргі уақытта мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік дамуы өзгеріске ұшырауымен қатар, білім мен ғылым саласы да елеулі өзгерістерге ұшырап жатыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, қазақ халқы мен елінің қалыптасқан тарихи ғасырлар шежіресімен терең жалғасып жатқанын ақиқат.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттерін қайта саралап зерттеу басты қолға алынды. «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында» Қазақстан тарих ғылымы алдында тарихи білімнің біржақтылығынан арыла отырып, өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау қажеттігі айтылды. Бұл өз кезегінде тарихшыларды қоғамның тарихи дамуын терең бағалауға кірісуі, жаңа тұжырымдамаларды жазу міндеттейді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан. Докторант архив құжаттарын жіктеп, тарихнамалық материалдарды да бірнеше топқа бөліп, сараптаған.

Докторант еңбегінде ресми деректерге негізделген тұжырымдарды қолдана отырып, кезеңнің экономикалық саясаты мен оның ауыл шаруашылығына тигізген әсерін зерттеген. Жұмыста ғылыми еңбектерге талдау жасау арқылы сол дәуірдегі экономикалық өзгерістер мен олардың халықтың тұрмысына тигізген салдарлары ашып көрсетілген. Аталаған тақырып әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан толық әрі әдіснамалық тұрғыдан дұрыс түсіндірілген. Осы кезеңдегі аграрлық реформалар мен ұжымдастыру саясатының салдары туралы мәліметтер теориялық тұрғыдан зерттеліп, практикалық ұсыныстар ұсынылған.

Токишкадилов Ботабек Бейбитбековичтің «XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау» тақырыбын «Қазақстан тарихы» курсына оқыту әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы 6D011400 «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін алынған диссертациялық жұмыс өзінің ғылыми-зерттеу бағыты және мазмұнына толықтай сәйкес келеді.

Семей медицина университеті КеАК,
Тарих ғылымдарының кандидаты,
аға оқытушы:



Сергазина Г.М.

